

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ  
акционерлерінің жалпы  
жиналысының шешімімен  
бекітілген  
(2006 ж. 20 желтоқсандағы № 22 хаттама)

## «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

(АЖЖ шешімдерімен бекітілген өзгерістермен және толықтырулармен, 2007 жылғы 23 сәуірдегі №23, 2008 жылғы 21 ақпандағы № 24, 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 26, 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 29, 2012 жылғы 19 сәуірдегі № 30, 2012 жылғы 06 желтоқсандағы № 31, 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 35, 2015 жылғы 23 сәуірдегі №36, 2016 жылғы 22 сәуірдегі №37, 2017 жылғы 21 сәуірдегі №39, 2019 жылғы 18 сәуірдегі №42, 2020 жылғы 22 мамырдағы №43 хаттамалар)

Осы Ереже Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі – Банк) Жарғысына, Банктің басқа ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген және Банктің Директорлар кеңесі мен Басқармасы арасындағы қарым-қатынасты қоса алғанда, Банктің Директорлар кеңесінің (бұдан әрі - «Директорлар кеңесі») қызметін ұйымдастырудың негізгі қағидаларын анықтайды.

### 1. Жалпы ережелері

*1-тармақ акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен бекітілген редакцияда баяндалған (2012 ж. 19 сәуірдегі № 30 хаттама).*

1. Директорлар кеңесі Банк акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен (бұдан әрі - Заң) және (немесе) Банктің Жарғысымен жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Банктің қызметіне жалпы басшылық етуді іске асырады.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыреті Банктің Жарғысында, Корпоративтік басқару кодексінде (бұдан әрі – Кодекс) және осы ережеде анықталған.

*2-тармаққа өзгерістер акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен енгізілген (2012 ж. 19 сәуірдегі № 30 хаттама).*

2. Директорлар кеңесі өз қызметін жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының заңнамасын, соның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін және (немесе) Банктің Жарғысын, сондай-ақ ішкі қағидалар мен осы Ережені басшылыққа алады.

3. Осы Ереже Директорлар кеңесінің құзыретін, Директорлар кеңесінің құрамын, Директорлар кеңесінің мүшелеріне қойылатын талаптарды, олардың құқықтары мен міндеттерін, Директорлар Кеңесі Төрағасының өкілеттіктерін, сондай-ақ Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыруды анықтайды.

### 2. Директорлар кеңесінің құзыреті

*4-тармаққа акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (2007 жылғы 23 сәуірдегі №23, 2008 жылғы 21 ақпандағы № 24, 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 26, 2012 жылғы 19 сәуірдегі № 30), 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 35, 2016 жылғы 22 сәуірдегі №37, 2017 жылғы 21 сәуірдегі №39, 2019 жылғы 18 сәуірдегі №42, 2020 жылғы 22 мамырдағы №43 хаттамалар).*

4. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Банк қызметінің басым бағыттарын анықтау, Банктің Даму стратегиясының бекіту, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Банктің даму жоспарын бекіту, сондай-ақ Банктің даму стратегиясын бекіту аясында тәуекелдердің шекті деңгейлерін белгілеу және бекіту, Банктің даму стратегиясының орындалуына мониторинг жүргізу және оның ағымдағы нарықтық және экономикалық жағдайға, тәуекелдердің бейініне және қаржылық әлуетке, сондай-ақ Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес келуін бағалау, тәуекелдердің шекті деңгейін есептеу және оларды Банктің ағымдағы тәуекелдерінің деңгейімен салыстыру нәтижелері туралы есепті қарау;

1-1) Банк жарғысының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету, сондай-ақ оны актуальды күйде ұстап тұру;

2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) Банк акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне Заңмен көзделген мәселелерді шығару;

4) акцияларды орналастыру (сату) туралы, соның ішінде Банктің жарияланған акцияларының саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы, **Заңда қарастырылған жағдайларда есепке алмағанда**, соның ішінде акциялардың листингіне жататын бағалы қағаздарды немесе Банктің депозитарлық қолхаттарын басқа елдердің қор биржаларында орналастыруға ұсыну туралы шешім қабылдау;

5) орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды Банктің сатып алуы туралы және олардың сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

6) Банктің жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

7) **алынып тасталды**;

8) Банктің облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын анықтау, **сондай-ақ оларды шығару шешімдер қабылдау**;

9) Басқа елдердің қор биржаларында Банктің бағалы қағаздарының листингі үшін эмиссия (шығару) проспектісін бекіту, **сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау**;

10) Банк Басқармасының мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, Басқарма Төрағасын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, **Банк Басқармасының қызметіне мониторинг, бақылау және бағалау жүргізу**;

11) Басқарма Төрағасының және мүшелерінің лауазымдық қызметақы мөлшерін және еңбекақы төлеу және сыйлықақы төлеу талаптарын анықтау;

12) Акционерлердің жалпы жиналысына Директорлар **кеңесінің** мүшелеріне сыйақы төлеу талаптары мен мөлшеріне қатысты ұсынымдар ұсыну, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар мен **өтемақыларды** төлеу тәртібі мен талаптары қағидаларын алдын ала мақұлдау;

13) Банктің ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, оның жетекшісін және қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Банктің ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін анықтау, соның ішінде Банктің ішкі аудит қызметі туралы ережені бекіту, Банктің ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру талаптары мен мөлшерін анықтау, ішкі аудиттің әдеп кодексін, ішкі аудиттің жылдық жоспарын бекіту, сондай-ақ Банктің еншілес ұйымдарында ішкі аудиттің тәртібін, стандарттары мен принциптерін ендіруді қамтамасыз ету;

13-1) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін анықтау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық қызметақысының мөлшері мен оған сыйақы төлеу талаптарын анықтау;

13-2) Тәуекел-менеджмент басшысы, Бас комплаенс-бақылаушы лауазымына тағайындау және босату, сондай-ақ өзара әрекеттесу және Тәуекел-менеджмент басшысы жұмысын бақылау;

13-3) Банктің ұйымдық құрылымын бекіту, оның Банк қызметінің көлеміне, құрылымына, сиатына және күрделілік деңгейіне сәйкес келуін қамтамасыз ету;

14) Қаржы есебінің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, бағалаушының ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау қызметіне ақы төлеу мөлшерін анықтау;

14-1) Банк бюджетін тиісті жылға бекіту және оның орындалуы үшін бақылауды іске асыру;

15) Банктің резервтік капиталын пайдалану тәртібін анықтау;

16) Банктің операцияларды жүргізуінің жалпы талаптары туралы қағидаларды бекіту;

17) Банктің ішкі кредит саясаты туралы қағидалары бекіту;

18) Банктің бухгалтерлік есебінің саясатын (Банктің есеп саясатын) анықтау;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (қағидаларды, саясаттарды), оның ішінде Банктің қызметін ұйымдастыру мақсатында Банк Басқармасы қабылдайтын құжаттарды қоспағанда, Банктің бағалы қағаздары бойынша аукцион өткізу және жазылу жүргізу талаптары мен тәртібін белгілейтін ішкі қағидаларды бекіту, Банк саясаттарының және өзге ішкі құжаттарының Банктің даму стратегиясына, ағымдағы нарықтық және экономикалық жағдайына, тәуекелдердің бейініне және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету;

20) Банк филиалдарын және өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

21) Банктің басқа заңды тұлғалар акцияларының он және одан артық пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлесін) сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

22) алынып тасталды;

23) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын, Банк немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;

24) Заңның 36-бабы 1-тармағының 17-1-тармақшасына және 73-бабының 3-1-тармағына сәйкес жасалуы туралы шешімді Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелерді және жасалуына Банк мүдделі мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

25) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайлардан басқа, Банкпен ерекше қатынаспен байланысты тұлғалармен мәмілелерді бекіту туралы шешім қабылдау;

25-1) Банктің меншікті капиталынан бес пайыз асатын заемдарды берудің мақсаттылығына талдау және бағалау жүргізу, және мұндай заемдарды беру туралы шешім қабылдау;

25-2) ипотекалық заемдарды қайта қаржыландыру кезінде кепілсіз тұтынушылық заем беруді қоспағанда, мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген мөлшерден асатын кепілсіз тұтынушылық кредит беру туралы шешім қабылдау;

26) банктік холдингтермен жасалатын мәмілелердің шарттарына қойылатын талаптарды бекіту;

27) тәуекелдердің түрлері бойынша жиынтықты лимиттер орнату;

28) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің талаптарымен қарастырылған және оларға сәйкес келу жағдайларында, тәуекелдерді басқару, аудит мәселелеріне мониторинг және бақылау жасау қорытындылары бойынша дайындалған ақпаратты және есептерді қарастыру, Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарын сақтау жолымен, Банкте тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің қызмет етуіне бақылауды қамтамасыз ету, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тиісті ішкі құжаттарды бекіту;

29) Банктің ішкі қағидаларына сәйкес Банктің акционерлері мен органдары, лауазымдық тұлғалары арасында туындайтын корпоративтік жанжалды анықтау және реттеу жүйесін Банкте құруды қамтамасыз ету;

30) Банк акционерлерімен тұрақты диалогтың жүргізілуін қамтамасыз ету;

31) Банктің меншікті капиталының он және одан артық пайызын құрайтын шамаға Банктің міндеттемелерін ұлғайту;

32) Директорлар кеңесінің комитеттерін және өзге органдарын құру және олар туралы ережелерді бекіту және мүшелер сайлау, олардың сандық және дербес құрамын және өкілеттік аясын анықтау;

32-1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес Банктің уәкілетті алқалы органдарын құру, олардың негізінде өз қызметін іске асыратын Банктің ішкі құжаттарын бекіту;

33) алынып тасталды;

34) Банктің корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған жасалған өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала мақұлдау;

35) Директорлар кеңесінің мүшелерін қоспағанда, Банктің қызметкерлеріне Банктің акцияларына опциондардың берілуін немесе акциялармен басқаша төлеуді қарастыратын сыйақылардың ерекше талаптарын, сондай-ақ мұндай талаптарға өзгерістер мен толықтыруларды Акционерлердің жалпы жиналысымен бекітілген ынталандыру тәртібіне сәйкес бекіту;

36) Қазақстан Республикасының және/немесе басқа елдердің қор биржаларында Банктің бағалы қағаздарының (акцияларды қоспағанда) листингін тоқтату туралы шешім қабылдау;

37) акциялардың (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан артық пайызы Банкке тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне кіретін қызметтің мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

38) мәселелердің тізбесі бойынша шешімдер қабылдайды, ол туралы ақпарат қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес акционерлердің және инвесторлардың назарына жеткізілуі тиіс;

39) реттеуші есептесін толық, шынайы және уақтылы қалыптастыру және ұсыну үшін мониторинг және бақылау жүргізу.

### 3. Директорлар кеңесінің құрамы

*5-тармақ акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жаңа редакцияда берілді (2020 жылғы 22 мамырдағы №43 хаттама).*

5. Банктің Директорлар кеңесінің құрамы және оның мүшелерінің біліктілігіне қойылатын талаптар мына талаптарға сәйкес келеді:

1) Банктің Директорлар кеңесінің құрамы және оның өкілеттіктері тиімді бақылау жүргізу үшін жеткілікті;

2) Банктің Директорлар таңдалған бизнес үлгіге, қызметтің ауқымына, түріне және операциялардың күрделілігіне сәйкес, кеңесі қажетті біліктілікке, мінсіз іскерлік беделге ие және тәжірибесі мол, жиынтығында Банкті жалпы басқаруға жеткілікті тұлғалардан тұрады;

3) Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері шешім қабылдау барысында өзара әрекеттесуге, ынтымақтастыққа, және сыни талқылауға ұмтылады;

4) Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін адал орындайды және шешім қабылдайды, мүдделер қайшылығын барынша азайтады.

Директорлар кеңесінің құрамында бір тұлғаның немесе шектеулі тұлғалар тобының шешім қабылдау барысында басым болдырмау мақсатында Директорлар кеңесінің тәуелсіз және өзге директорларының теңгерімі болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшесі Заңға және Банк Жарғысына сәйкес оған жүктелген функцияларды орындауды өзге тұлғаларға беруге құқылы емес.

*6-тармақ акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сай редакцияда баяндалған (2012 жылғы 19 сәуірдегі № 30 хаттама).*

6. Директорлар кеңесінің мүшелері Банк акционерлерінің жалпы жиналысымен жиынтықты дауыс беру бюллетеньдерін пайдалана отырып, жиынтықты дауыс беру арқылы, Директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат дауысқа түсетін жағдайды қоспағанда, сайланады.

Жиынтықты дауыс беру бюллетенінде мынадай бағандар болуы керек:

1) Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың тізбесі;

2) акционерге тиесілі дауыстың саны;

3) директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат үшін акционердің берген дауысының саны.

Жиынтықты дауыс беру үшін бюллетеньге дауыс берудің «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» нұсқаларын енгізуге тыйым салынады.

7. Директорлар кеңесінің сандық құрамы, өкілеттіктерінің мерзімі Банк акционерлерінің жалпы жиналысымен белігеленеді. *Сөйлем акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен алынып тасталды (2012 жылғы 06 желтоқсандағы № 31 хаттама).*

Банк акционерлерінің жалпы жиналысымен Директорлар кеңесі мүшесінің лауазымына кандидатураны таңдау үшін ол туралы ақпараттың барлығы Банктің акционерлеріне беріледі. Ақпаратта кандидаттың жасы, оның білімі туралы мәліметтер, оның соңғы үш жылда жұмыс істеген орындары мен лауазымдары, көтермелейтін сәттегі лауазымы туралы мәліметтер және кандидаттың біліктілігі мен жұмыс тәжірибесін растайтын өзге ақпарат көрсетіледі.

*8. акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен алынып тасталды (2012 жылғы 19 сәуірдегі № 30 хаттама).*

*9. акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен алынып тасталды (2012 жылғы 19 сәуірдегі № 30 хаттама).*

*10-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 35 хаттама).*

10. Басқарма Төрағасынан басқа, Басқарманың мүшелері Директорлар кеңесінің мүшелері бола алмайды. Банк Басқармасының Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды. Директорлар кеңесінің Төрағасы мен Басқарма Төрағасының міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, сондай-ақ Банктің Жарғысында, осы Ережеде және Банктің басқа ішкі құжаттарында анықталған.

*11-тармақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жаңа редакцияда берілді (2019 жылғы 18 сәуірдегі №42 хаттама).*

11. Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің өкілеттігі Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі қабылданған күннен бастап тоқтатылады. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысында кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады, ал Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі өкілеттік мерзімінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы хабарламада көрсетілген жағдайды қоспағанда, Директорлар кеңесі бұл хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады. Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше мүшелерінің өкілеттігі тоқтатылғаннан кейін Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдер кворумға байланысты және осы шешімді қабылдау үшін Директорлар кеңесінің қалған мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.

*12-тармақ акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен толықтырылды (2012 жылғы 06 желтоқсандағы № 31 хаттама)*

12. Директорлар кеңесінің мүшелері, соның ішінде Тәуелсіз директорлар олардың қызметтерінің нәтижелері қанағаттанарлықтай болған жағдайда және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің Жарғысында басқаша көрсетілмеген болса, Директорлар кеңесінің құрамына бірнеше рет қайта сайлануы мүмкін.

12-1. Директорлар кеңесінің келісімімен Директорлар кеңесінің мүшелері, соның ішінде Тәуелсіз директорлар басқа заңды тұлғалардың органдарына тағайындалуы немесе сайлануы мүмкін және осы Ереженің 6-бөлімінің талаптарына сәйкес онда лауазымдық тұлғалардың функцияларын орындай алады.

#### 4. Банктің Директорлар кеңесінің мүшесіне қойылатын талаптар

13-тармаққа акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (2007 жылғы 23 сәуірдегі №23, 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 26, 2012 жылғы 19 сәуірдегі № 30, 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 35, 2016 жылғы 22 сәуірдегі №37, 2019 жылғы 18 сәуірдегі №42 хаттамалар).

13. Директорлар кеңесінің мүшесіне кандидаттар жақсы кәсіби және жеке беделге, Директорлар кеңесінің жұмысына өз үлесін қосу қабілетіне және жалпы мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізу үшін жұмыс істеу ниетіне ие болулары керек.

Директорлар кеңесінің мүшесі болып жеке тұлға ғана табылады. Директорлар кеңесінің мүшелері жеке тұлға – акционерлер, акционерлердің – жеке және заңды тұлғалардың өкілдері ретінде Директорлар кеңесінің құрамына сайлауға ұсынылған жеке тұлғалар, Банк акционерлері болып табылмайтын және акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған жеке тұлғалар санынан сайланады.

Директорлар кеңесінің мүшелері уәкілетті органмен Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте келісуге жатады.

Директорлар кеңесінің мүшелігіне мынадай тұлға сайланбайды:

1) жоғары білімі жоқ;

1-1) тізбесін уәкілетті орган белгілейтін халықаралық қаржы ұйымдарында еңбек өтілі жоқ, және (немесе) қаржы қызметтерін және (немесе) қаржы ұйымдарының аудитін жүргізу бойынша қызметтерді ұсыну және (немесе) реттеу саласында еңбек өтілі жоқ;

2) алынып тасталды;

3) мінсіз іскерлік беделі жоқ адам;

4) уәкілетті орган қаржы ұйымын таратуға және (немесе) қаржы нарығындағы қызметін жүзеге асыруды тоқтатуға алып келген, банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу туралы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп иелену, оны лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдағанға не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату не оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын қаржы ұйымының басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, ірі қатысушы – жеке тұлға, қаржы ұйымының ірі қатысушысы (банк холдингі) – заңды тұлғаның басшысы болып табылған адам банктің басшы қызметкері болып тағайындала (сайлана) алмайды.

Көрсетілген талап уәкілетті орган қаржы ұйымын таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруды тоқтатуға алып келген, банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу туралы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп иелену, оны лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдағаннан кейін не қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін бес жыл бойы қолданылады;

5) осы және (немесе) өзге де қаржы ұйымында басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) берілген келісім кері қайтарып алынған адам банктің басшы қызметкері болып тағайындала (сайлана) алмайды. Көрсетілген талап уәкілетті орган

басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімін кері қайтарып алу туралы шешімді қабылдағаннан кейін қатарынан соңғы он екі ай ішінде қолданылады.

Сыбайлас жемқорлық жасаған не тағайындау (сайлау) күніне дейін үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылған адам банктің басшы қызметкері болып тағайындала (сайлана) алмайды.

**б) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге талаптарға сәйкес келмейтін.**

14. Директорлар кеңесінің мүшесі:

1) барлық акционерлердің және жалпы Банктің мүдделері үшін шешімдерді әділ, адал және жауапкершілікпен қабылдауға;

2) оған жүктелген функцияларды тиімді орындауға мүмкіндік беретін жеткілікті уақыт мөлшеріне ие болуы керек. Директорлар кеңесінің мүшесі басқа ұйымдардың басқару органдарында қызметтерді қоса атқару туралы шешім қабылдайтын кезде жеткілікті уақыт мөлшері болған кезде ғана ол өзіне жүктелген міндеттерді тиісті түрде орындай алатынына сүйену керек;

3) өзінің әділ пікірін айтуға және оны қорғауға, егер ол оның Банк мүддесіне жауап беретінін пайымдаса;

4) қызметке сайланған сәттен бастап тек бір ғана адамның немесе адамдар тобының мүдделерін білдірмеуге және Банктің және оның акционерлерінің мүдделері үшін әрекет етуге;

5) Банктің мәмілелерді жасауға қызығушылық білдіргені туралы ақпаратты адал және толық жариялауға;

6) Өзінің дағдылары мен білімдерін ұдайы арттырып отыруға тиіс.

## 5. Тәуелсіз директорлар

*15-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 35 хаттама).*

15. Директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысындағы есепте Тәуелсіз директорларды көрсете отырып Директорлар кеңесінің құрамы туралы акционерлерді хабардар етеді.

16. Тәуелсіз директор нәтижесінде оның тәуелсіз болуын тоқтатаны іс-әрекеттерді жасаудан өзін-өзі тоқтатуы тиіс. Егер сайлаудан кейін Директорлар кеңесінде өзгерістер болса немесе нәтижесінде Тәуелсіз директор мұндай директор болуын тоқтатын жағдайдар туындаса, ол Директорлар кеңесіне мұндай өзгерістер мен жағдайларды баяндай отырып, өтініш беруі тиіс. Бұл жағдайда Директорлар кеңесі бұл туралы акционерлерге хабарлайды, ал қажет болған жағдайда акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау үшін шақыртуы мүмкін.

*17-тармаққа акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (2012 жылғы 19 сәуірдегі. № 30 хаттама).*

17. Банктің Директорлар кеңесінің құрамының кемінде отыз пайызы Тәуелсіз директорлар болуы қажет.

## 6. Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттері

18. Директорлар кеңесінің мүшесі Банктің және жалпы оның акционерлерінің мүдделері үшін оған жүктелген міндеттерді әділ және адал ниетпен орындайды.

Директорлар кеңесі Басқарма қызметінің тиімділігін қамтамасыз етеді және аталған қызметті бақылайды.

*19-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес толықтыру енгізілді (2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 35 хаттама).*

19. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі мүшесінің мүдделері және Банктің мүдделері арасындағы дауға әкеп соқтыратын немесе әлуетті түрде әкеп соқтыруы мүмкін іс-әрекеттерден өзін-өзі тоқтатуы тиіс, ал егер мұндай дау бар

болған немесе туындаған жағдайда – ол туралы ақпаратты Директорлар кеңесіне ашуға және іс-әрекеттерді жасау тәртібін сақтауға шаралар қолдануға тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшесі мүдделілік бар мәмілені жасауға ниеті бар екендігі туралы Директорлар кеңесін жазбаша хабардар етеді, сондай-ақ ақпаратты ашу үшін заңнамамен белгіленген тәртіпте жасалған мәмілелер туралы ақпаратты ашады.

*20-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді (2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 35 хаттама).*

20. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырыстарына белсенді қатысады. Директорлар кеңесінің отырысына қатысуға мүмкіндігі болмаған жағдайда Директорлар кеңесінің мүшесі бұл туралы Банк Басқармасын алдын ала хабардар етеді.

Директорлар кеңесінің мүшесі ол бойынша шешімдер қабылдауда мүдделілігі бар (Директорлар кеңесі немесе оның аффилиирленген тұлғаларында мүдделілік бар мәміле) мәселелер бойынша дауыс бергенде қалыс қалады. Бұл ретте Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесіне мұндай мүдделілікті, сондай-ақ оның пайда болуының негіздемесін Директорлар кеңесінің отырысын жүзбе-жүз тәртіпте немесе шешімді сауалнама тәртібінде (сырттай дауыс беру) қабылдайтын кезде тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы ауызша ашады.

*Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес толықтырулар енгізілді (2011 жылғы 21 сәуірдегі № 29 хаттама)*

21. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындау кезеңінде және Банкте қызметін тоқтатқаннан кейін де Банктің ішкі қағидаларымен белгіленген мерзім ішінде Банк туралы конфиденциалды ақпаратты, инсайдерлік ақпаратты, сондай-ақ заңмен қорғалатын банктік, коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты өз мүддесінде немесе үшінші тұлғалардың мүддесінде жария етуіне және пайдалануына болмайды.

21-1. Директорлар кеңесінің мүшесі мүдделер қайшылығын, соның ішінде Банктің меншігінің заңсыз пайдаланылуын және мүдделілік бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдаланылуын лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейінде қадағалауға және мүмкіндігінше жоюға тиіс.

21-2. Директорлар кеңесінің мүшесі Банкте корпоративтік басқарудың тәжірибесінің тиімділігі үшін бақылауды жүзеге асыруы тиіс.

*21-3-тармақта акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (2012 жылғы 19 сәуірдегі № 30 хаттама).*

21-3. Директорлар кеңесінің мүшесі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Банктің Жарғысына және ішкі құжаттарына, хабардарлық, ашықтық, Банктің және оның акционерлерінің мүдделері негізінде шартқа сәйкес әрекет етуі тиіс.

21-4. Директорлар кеңесінің мүшесі акционерлердің барлығына әділ болуы тиіс, корпоративтік мәселелер бойынша әділ тәуелсіз ой-пікір шығаруы тиіс.

## **7. Директорлар кеңесі мүшесінің құқықтары**

22. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі Директорлар кеңесі отырысының шақырылуын талап етуге құқылы. Бұл ретте Директорлар кеңесі отырысын шақыру туралы талапты Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылып отырған күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабарламаны жіберу арқылы ұсынылуы тиіс.

Директорлар кеңесінің отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі. Бұдан бөлек, Тәуелсіз директорлар өздерінің нақты міндеттерін тиімді орындау үшін Директорлар кеңесінің басқа мүшелерінің қатысуынсыз кездесе алады.

23. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі бойынша ескертулер мен ұсыныстарды енгізуге құқылы.

24. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі Директорлар кеңесінің отырысында Директорлар кеңесі қарастыратын күн тәртібіндегі мәселе бойынша өзінің объективті пікірін айтуға құқылы. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесі отырысының күн



тәртібінің мәселесі (мәселелері) бойынша шешімдердің қабылдануына келіспеген жағдайда Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің көзқарасын (ерекше пікірін) жазбаша нысанда баяндауға құқылы.

25. Директорлар кеңесінің мүшесі пікірталастарға қатысуға және Директорлар кеңесінің отырысына қатысатын баяндамашыларға сұрақтар қоюға құқылы.

*26-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 35 хаттама).*

26. Директорлар кеңесінің мүшесі өз міндеттерін тиісті түрде орындау мақсатында Банк Басқармасынан қажетті ақпаратты алуды талап етуге құқылы.

*27-тармақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жаңа редакцияда берілді (2019 жылғы 18 сәуірдегі №42 хаттама).*

27. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің өз бастамасы бойынша Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлама жіберу арқылы оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуы мүмкін. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы хабарламада көрсетілмесе, жазбаша хабарламаны алғаннан кейін тоқтатылады.

*28-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді (2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 35 хаттама)..*

28. Директорлар кеңесінің қайта сайланған мүшесі оның лауазымдық міндеттеріне (жадынама) қатысты толық, формалды және арнайы әзірленген нұсқаулықтар беріледі.

Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің өз дағдылары мен білімдерін тұрақты жетілдіруге мүмкіндік туғызады, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелерінің назарына олар өз міндеттерін Директорлар кеңесінің құрамында, сол сияқты Директорлар кеңесінің комитеттерінің құрамында орындауы үшін қажетті Банктің қызметі және нәтижелері туралы ақпаратты жеткізеді. Банк Директорлар кеңесі мүшелерінің білімдерін және біліктіліктерін дамыту және жетілдіру үшін қажетті ресурстарды қамтамасыз етеді.

## **8. Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру**

29. Директорлар кеңесін оның тапсырмаларының табысты шешілуін қамтамасыз ететін Төраға басқарады.

*30-тармаққа акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (2011 жылғы 21 сәуірдегі № 29 хаттама).*

30. Отырыс шақыру және оны өткізуге дайындалу тәртібі Директорлар кеңесінің мүшелеріне оны өткізуге тиісті түрде дайындалуға мүмкіндік береді. Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыру, дайындау және өткізу тәртібі, Директорлар кеңесінің шешімдерді қабылдау тәртібі Банктің Жарғысымен, Кодекспен және осы Ережемен белгіленеді.

Директорлар кеңесінің отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі және оларды Банктің Директорлар кеңесінің, Басқармасының Төрағасының бастамасымен, сондай-ақ Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің: ішкі аудит қызметінің, қоғамның және ірі акционердің аудитін іске асыратын аудиторлық ұйымның талабымен шақырылуы мүмкін.

Тиісті отырыстарда қаралатын мәселелердің тізбесін Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесінің әрбір мүшесіне алдын ала хабарлайды.

Отырыстың күні, уақыты, орны мен күн тәртібін көрсетілген, Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар ұсынылған, Директорлар кеңесінің мүшелерінің отырыстың өткізілетіні туралы жазбаша түрдегі хабарламасы Директорлар кеңесінің мүшелеріне почта, телефон, электрондық немесе басқа байланыс арқылы, Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелердің сипатына қарай басқа мерзім белгілемесе, Директорлар кеңесінің отырысы өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 3 бұрын жіберіледі.

Егер Директорлар кеңесінің күн тәртібінде Басқарма мүшесін саулау туралы мәселе болса, Директорлар кеңесінің мүшелеріне кандидаттың тиісті лауазымға кірісуге жазбаша келісімі ұсынылады. Жазбаша келісімі болмаған жағдайда, кандидат Директорлар

кеңесінің отырысына жүзбе-жүз қатысып, ауызша нысанда тиісті лауазымға сайлануға келісімін береді.

*31-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді (2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 35 хаттама).*

31. Директорлар кеңесінің мүшелері Банктің қаржы-шаруашылық қызметіндегі аса маңызды оқиғалар туралы, сондай-ақ акционерлердің мүдделерін қозғайтын басқа да оқиғалар туралы ақпаратпен қамтамасыз етіледі.

Басқарма Төрағасы мен мүшелері, Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары Директорлар кеңесінің хатшысы арқылы Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша толық және шынайы ақпаратты және Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің сұратуы бойынша дер кезінде ұсынып отырады.

*32-тармаққа акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен толықтырулар енгізілді (2008 жылғы 21 ақпандағы № 24, 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 29 хаттамалар).*

*32-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді (2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 35 хаттама).*

32. Директорлар кеңесінің отырыстары жүзбе-жүз, сонымен қатар сырттай нысанда өткізіледі, олар Директорлар кеңесінің отырыстарының хаттамаларымен ресімделеді.

Директорлар кеңесінің жүзбе-жүз және сырттай отырыстарының хаттамаларын келісу және ресімдеу осы Ережеге және Банктің басқа ішкі құжаттарына сәйкес іске асырылады.

Банктің Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының, Тәуелсіз директордың біреуін қоса алғанда, жартысынан кем болуы тиіс. Бұл ретте отырыста бола алмаған Директорлар кеңесінің мүшелері қарастыруға шығарылатын барлық мәселелерді талқылауға және олар бойынша дауыс беруге телефон байланысы немесе отырысты өткізу орнында қатыспаған Директорлар кеңесінің мүшесін нақты сәйкестендіруге, және Директорлар кеңесінің аталған мүшесінің сөздерін және ойларын, қабылдап жатқан шешімдерін дәл қабылдауға мүмкіндік беретін өзге байланыс арқылы қатыса алады.

Банктің Директорлар кеңесі шешімді отырыс өткізілген жерде болмаған Директорлар кеңесі мүшесінің қатысуымен қабылдағанда отырыс хаттамасында Директорлар кеңесінің осы аталған мүшесі мәселелерді талқылауға және шешім қабылдауға телефон немесе басқа байланыс арқылы қатысқандығы, ал бұл отырыс өткізілген жерде болмаған Кеңес мүшесін бір мәнді сәйкестендіруге мүмкіндік беретіндігі атап көрсетілуге тиіс. Бұл жағдайда Директорлар кеңесінің аталған мүшесі қабылданған шешім туралы өзінің дауыс беру нәтижесін растайтын жазбаша құжатты отырыс өткізілген күннен кейін екі ай мерзімнен кешіктірмей Банктің корпоративтік хатшысына қолма-қол табыстауға немесе почта байланысы құралдарын пайдалану арқылы жіберуге тиіс. Бұл ретте Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі аталған жазбаша құжаттың көшірмесін отырыс өткізілген күннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей факсимильдік немесе электрондық байланыспен Банктің корпоративтік хатшысына жіберуге тиіс.

Директорлар кеңесінің отырыстары жүзбе-жүз нысанда өткізілген жағдайда Директорлар кеңесінің болмаған мүшелерінің жазбаша пікірлері ескеріледі, бірақ бұл ретте өз пікірлерін жазбаша түрде білдірген Директорлар кеңесінің болмаған мүшелерінің дауыстары Директорлар кеңесінің отырысында кворум анықталған кезде ескерілмейді.

Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын мәселелерді оперативті шешу қажет болған жағдайда, шешімдер сауалнама жүргізу арқылы шешілуі мүмкін (сырттай дауыс беру).

Директорлар кеңесінің отырыстары демалыс және (немесе) мереке күндері, кез келген уақытта, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағының, сол сияқты одан тыс аумақтардың кез келген елді мекенінде (отырыс өтетін орында) өткізілуі мүмкін.

Банктің Жарғысында Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған, жекелеген мәселелер бойынша шешімдер қабылдаудың ерекше тәртібі қарастырылған.

*33-тармақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жаңа редакцияда (2019 жылғы 18*

*сәуірдегі №42 хаттама) және Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгерістерімен (2020 жылғы 22 мамырдағы № 43 хаттама) берілді.*

33. Жүзбе-жүз тәртіпте өткен отырыста қабылдаған Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесі отырысының хаттамасымен жиналыс өткізілген күннен бастап жеті күн ішінде ресімделеді.

Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы мынадай ақпаратты қамтиды:

- 1) Банк Басқармасының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) Директорлар кеңесі отырысының өткізілетін күні, уақыты және орны;
- 3) Директорлар кеңесінің отырысына қатысатын тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;

5) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсететін дауыс беру қорытындылары және дауыс беруге қойылған мәселелер;

6) Директорлар кеңесінің отырысында қабылданған шешімдер;

7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе отырыстың төрағасы және Директорлар кеңесінің хатшысы қол қояды.

Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары, оның ішінде сырттай отырыстар, бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), Директорлар кеңесінің күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар бекітілген шкафтарда Директорлар кеңесі хатшылығында сақталады және іс жүргізу жылының соңында белгіленген тәртіпте Банк мұрағатына тапсырылады. Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің өтініші бойынша немесе Банктің құрылымдық бөлімшелерінің жазбаша өтініші бойынша Директорлар кеңесінің хатшысы танысу үшін құжаттардың түпнұсқаларын, сондай-ақ Директорлар кеңесі хатшысының қолымен куәландырылған Директорлар кеңесі отырысының (шешімінің) хаттамасынан көшірмелерді және/немесе үзінді көшірмелерді ұсынады.

## **9. Директорлар кеңесінің төрағасы**

34. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің ашық дауыс беруінің жалпы санының көпшілік дауыс беру санынан сайланады.

Төраға Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Директора кеңесінің отырыстарында төрағалық етеді.

35. Директорлар кеңесінің төрағасы мінсіз іскерлік беделі және басшы қызметтерде жұмыс тәжірибесі бар, адалдық, бірбеткейлік сияқты қасиетке ие және Директорлар кеңесінің мүшелері мен акционерлердің сөзсіз сеніміне кірген тұлға тайғайындалады.

36. Директорлар кеңесінің төрағасының өкілеттіктерінің мерзімі Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленеді, бірақ Банк акционерлерінің жалпы жиналысында белгіленген, Директорлар кеңесінің өкілеттіктерінің мерзімінен асып кете алмайды.

37. Директорлар кеңесі мүшелерінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің Төрағасы кез келген уақытта қайта сайлануы мүмкін.

*38-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді (2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 35 хаттама).*

38. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесі қызметінің тиімді ұйымдастырылуын және оның басқа органдармен және Банктің құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілермен өзара ықпалдасуын қамтамасыз етеді.

39. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібін бекітеді, күн тәртібінің мәселелері бойынша аса тиімді шешімдерінің жасалуын және қажет болған жағдайда бұл мәселелердің еркін талқылануын, сондай-ақ Директорлар кеңесі отырыстарының жағымды ахуалда өткізілгенін ұйымдастырады.

Директорлар кеңесінің төрағасы күн тәртібі, Директорлар кеңесінің мүшелерін аталған мәселелер бойынша өз пікірлерін еркін білдіруіне және оларды ашық талқылауға тарту мәселелері бойынша шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпаратты Банк Басқармасы

арқылы Директорлар кеңесінің мүшелеріне уақыты беру үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды, қаралатын мәселелер бойынша шешімдердің жобаларын қалыптастыру кезінде бастама жасайды.

40. Директорлар кеңесінің отырыстары Директорлар кеңесі Төрағасының төрағалық етуімен өткізіледі. Ол болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесі мүшелерінің біреуі Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес іске асырады.

41. Директорлар кеңесінің төрағасы өз бастамасымен Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға құқылы.

42. Директорлар кеңесі отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдерді қабылдайтын кезде дауыс беру нәтижесі тең болған жағдайда, Директорлар кеңесі Төрағасының дауысы (жүзбе-жүз отырыс өткізген кезде немесе отырыс өткізбей) шешуші болып табылады.

43. Директорлар кеңесі тиісті хаттаманы қабылдағаннан кейін және оны Директорлар кеңесінің хатшысы ресімдегеннен кейін Директорлар кеңесінің төрағасы оған қол қоюы тиіс.

*10-тарау акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес редакцияда баяндалған (2007 жылғы 23 сәуірдегі №23 хаттама).*

### **10. Корпоративтік хатшы. Директорлар кеңесінің хатшысы**

*44-тармаққа акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (2012 жылғы 19 сәуірдегі № 30 хаттама). Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді (2014 жылғы 5 желтоқсандағы №35 хаттама).*

44. Корпоративтік хатшы – Директорлар кеңесінің және (немесе) Банк Басқармасының мүшесі болып табылмайтын, Банктің Директорлар кеңесіне есепті болатын Банктің қызметкері.

Банктің корпоративтік хатшысы өз қызметі шеңберінде Банк акционерлерінің жалпы жиналысын және Директорлар кеңесінің отырысын әзірлеуге және өткізуге бақылау жасайды, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды және Директорлар кеңесі отырыстарының материалдарын құрастыруды қамтамасыз етеді, оларға қол жеткізудің қамтамасыз етілуін қадағалайды.

45. Банктің корпоративтік хатшысы Банктің корпоративтік саясаты мен корпоративтік процестері үшін жауап береді. Корпоративтік хатшы компания акционерлері мен өзге басқару органдарының қарым-қатынасындағы, сондай-ақ акционерлердің өзара қарым-қатынасындағы даулы жағдайлардың шешілуін қамтамасыз етуге тиісті.

46. Банктің корпоративтік хатшысы акционерлердің өтініш-шағымдары Банктің тиісті органдарында тиісті түрде қаралуын, акционер құқығының бұзылуына байланысты даулардың шешілуін қамтамасыз етеді. Банк органдары мен бөлімшелерінің мұндай өтініш-шағымдарды уақытында қарастыруын бақылау Корпоративтік хатшыға жүктеледі.

47. Корпоративтік хатшының құзыреті мен қызметі Банктің тиісті ішкі ережелерімен анықталады.

48. Корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін анықтау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақы мөлшері мен оған сыйақы төлеу талаптарын анықтау Директорлар Кеңесінің құзырына жатқызылған.

49. Директорлар кеңесінің хатшысы Банк Басқармасы Төрағасының бұйрығымен тағайындалады және қызметінен босатылады.

50. Директорлар кеңесінің хатшысы кәсіби, іскерлік және этикалық қасиеттері жоғары деңгейдегі маман болуға әрі ұйымдастыру жұмысын жақсы меңгеруге тиіс.

*51-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді (2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 35 хаттама).*

51. Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшелеріне өткізілетін отырыс пен оның күн тәртібі туралы хабарлайды, сауалнама тәртібінде дауыс беру үшін (сырттай дауыс беру) бюллетеньдерді дайындайды және Директорлар кеңесінің

мүшелеріне таратады, Директорлар кеңесінің жүзбе-жүз және сырттай отырыстарының хаттамаларын әзірлейді және ресімдейді, сондай-ақ Банктің ішкі қағидаларына сәйкес белгіленген тәртіппен аталған құжаттарды Банк мұрағатына өткізеді.

*52-тармақ Ақционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жаңа редакцияда берілді (2019 жылғы 18 сәуірдегі №42 хаттама).*

52. Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің өтініші бойынша Директорлар кеңесінің хатшысының қолымен куәландырылған хаттаманың үзінді көшірмесін және/немесе Директорлар кеңесі хаттамасының көшірмесін танысу үшін ұсынады.

## **11. Директорлар кеңесінің Банк қызметіне мониторингті іске асыруының тәртібі**

53. Банктің, Банк Басқармасының және Банктің лауазымды тұлғаларының қызметіне бақылауды іске асыру мақсатында, Директорлар кеңесі тиісті мониторинг пен талдауды жүргізеді. Директорлар кеңесі жүргізетін мониторингтің мақсаты Банктің банк операцияларын іске асыруы кезінде тәуекелдерді болдырмау, Банк Басқармасының және лауазымды тұлғаларының қызметімен байланысты кемшіліктерді анықтау және оларды барынша азайту жолдары болып табылады. Мониторингті іске асыру үшін Директорлар кеңесі барлық қажетті ақпаратты Банктің Басқармасынан, кредит комитеттерінен, Активтерді және пассивтерді басқару комитетінен (АПКОМ), ішкі аудит қызметінен, сондай-ақ өзге комитеттер мен Банктің құрылымдық бөлімшелерінен сұратады. Бұл ретте сұратылатын ақпарат Директорлар кеңесіне ол белгілеген мерзімде ұсынылуы тиіс.

*54-тармаққа Ақционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді (2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 35 хаттама, 2015 жылғы 23 сәуірдегі №36 хаттама).*

54. Банктің тәуекелдерін басқару жүйесін ұйымдастыру мақсатында Директорлар кеңесі:

1) Қазақстан Республикасының талаптарына сәйкес ішкі саясаттар мен өзге ішкі құжаттарды, соның ішінде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді бекітеді;

2) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес тәртіпте және мерзімде қажетті ақпаратты және есептілікті алады;

3) тәуекелдерді, аудитті басқару, Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарын сақтау мәселелеріне мониторингті және бақылауды Банктің уәкілетті алқалы органдарының көмегімен іске асырады.

**55-т. Ақционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгертілді (2015 жылғы 23 сәуірдегі №36 хаттама)**

55. Ішкі бақылаудың лайықты және тиімді жүйесінің құрылуын және қызмет етуін қамтамасыз ету мақсатында Директорлар кеңесі мен Басқарма этикалық қағидаларды, кәсіби қызметтің және корпоративтік басқару стандарттарын қолдану негізінде басқарушылық бақылауды және бақылау мәдениетін (бақылау ортасын) қалыптастырады, олардың заңнамалық белгіленген міндеттері мен жауапкершілігінің жиынтығында Банктің органдарының тарабынан мыналар үшін бақылауды қоса алғанда, лайықты бақылауды қамтамасыз етеді:

Банктің стратегиясын, Банктің ішкі құжаттарын әзірлеуді және жүзеге асыруды қосқанда, Банк қызметін ұйымдастырғаны;

Банк тәуекелдерін басқару және банк тәуекелдерін бағалау жүйесінің қызмет етуі;  
Банк операцияларын және басқа да мәмілелерді жасайтын кезде өклеттіктерді бөлу (ұйымдық құрылым);

Ақпараттық ағымдарды басқару (ақпаратты алу және беру) және ақпаратты қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

Ішкі бақылау жүйесін құру және қызмет етуі.

*11-бөлімге Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес толықтырулар енгізілді (2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 35 хаттама).*

55-1. Директорлар кеңесі Банк жарғысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келуіне мониторингті және бақылауды жүргізуге жауапты Банктің уәкілетті алқалы органын. Директорлар кеңесі Банктің уәкілетті алқалы органының есебін тыңдайды және қажет болған жағдайда Банктің уәкілетті алқалы органына Банктің жарғысына өзгерістер мен толықтырулар жобасын дайындауды тапсырады.

55-2. Жыл сайын Директорлар кеңесі комплаенс-бағдарламаны (жоспарды) және ішкі аудиттің жылдық жоспарын қарастырады.

Ішкі аудиттің нәтижелері туралы есепті және Банктің уәкілетті алқалы органының ұсынымдарын қарастыру нәтижелеріне сәйкес ішкі аудиттің ұсынымдарын Басқарманың орындау қажет екендігі туралы немесе ішкі аудиттің процесінде анықталған тәуекелдерді қабылдау туралы шешімі бар Директорлар кеңесінің хаттамасы ресімделеді.

55-3. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актінің талаптарына сәйкес Директорлар кеңесі Банктің ішкі құжаттарының Банктің даму стратегиясына, ағымдағы нарықтық және экономикалық жағдайына, тәуекелдердің бейініне, Банктің қаржылық әлуетіне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келуіне, Банктің және оның қызметкерлерінің Банктің саясаттарын және басқа ішкі нормативтік құжаттарын сақтауына, Банктің банк қызметтерін ұсыну процесінде клиенттердің өтініштерін қарастыруына, Банк Басқармасының комплаенс-тәуекелді басқару саясатын, ішкі бақылау саясатын тиімді орындауына, Банк қызметкерлері Банк қызметіне қатысты бұзушылықтар туралы конфиденциалды түрде хабарлай алатын рәсімдерді тиімді орындауына, ішкі және сыртқы аудит мәселелері бойынша қызметті үйлестіруін және Банк Басқармасымен өзара ықпалдасуын ішкі аудит қызметінің қамтамасыз етуіне мониторинг және бақылау жүргізу қорытындылары бойынша, Банктің еншілес ұйымдарында ішкі аудит тәртібінің, стандарттарының және қағидаларының ендірілуін тексеру қорытындылары бойынша, сыртқы аудитормен шарт талаптарын бағалау және талдау қорытындылары бойынша, сондай-ақ кредит портфелінің сапасын талдау қорытындылары бойынша дайындалған ақпаратты қарайды және есептерді тыңдайды және қажет болған жағдайда тиісті тапсырмаларды береді.

*56-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді (2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 35 хаттама).*

56. Банктің ішкі кредит саясаты туралы Директорлар кеңесі бекіткен қағидалар мыналарды ескереді:

Банктің стратегиясын және Банкті кредит тәуекеліне әкеп соқтыратын қызмет түрлерін;

Банк тәуекелінің шекті деңгейі;

Банк бизнесінің көлемі, сипаты және күрделілігі;

Банктің кредит тәуекеліне ұшырағыштығының мөлшері және оның Банктің қаржы жағдайына әсер етуінің бағалауы;

Тәуекелдерді бағалау нәтижелері, соның ішінде сезімталдығына талдауды іске асыру және стресс-тестілеу арқылы алынған;

Банк кредит тәуекелін басқару бойынша бұрын қолданған рәсімдерінің тиімділігі;

Кез келген әлуетті ішкі ұйымдық өзгерістерге және (немесе) нарық жағдайларының сыртқы өзгерістеріне қатысты болжамдар;

Қазақстан Республикасының заңнамасы.

57. Банктің ішкі құжаттарына қайшы келетін және/немесе Банкпен ерекше қатынаспен байланысқан тұлғалар үшін жеңілдік жағдайларын жасайтын операцияларды Банктің жасау мүмкіндігін болдырмау мақсатында, Директорлар кеңесі тәуекелдермен (кредит тәуекелі, пайыздық тәуекел, өтімділікті жоғалту тәуекелі, валюталық тәуекел және басқа тәуекелдер) байланысты операцияларды Банктің жүзеге асыруына мониторингті жүргізеді. Осы банк операциялары бойынша мәліметтерді Банк Басқармасы Директорлар

кеңесіне қажеттілігіне қарай және Директорлар кеңесінің Төрағасынан тиісті сұрату (жазбаша/ауызша) түскеніне қарай ұсынылады.

*58-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес толықтыру енгізілді (2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 35 хаттама, 2015 жылғы 23 сәуірдегі №36 хаттама).*

58. Директорлар кеңесінің міндеттерінің тиімді орындалуы мақсатында Банктің қызметі туралы Директорлар кеңесінде тұрақты негізде болатын толық, шынайы және дер кезіндегі мәліметтердің болуын қамтамасыз ететін ақпараттың және есептің тізбесі, оны Директорлар кеңесіне ұсыну тәртібі мен мерзімі Қазақстан Республикасы заңнамасының, соның ішінде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актінің және Банктің ішкі құжаттарының талаптарында белгіленеді.

*59-тармақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жаңа редакцияда берілді (2020 ж. мамырдағы № 43 хаттама).*

59. Директорлар кеңесі Банк Басқармасы қызметіне:

1) Банк Басқармасының Директорлар кеңесі бекіткен стратегиялар мен саясаттарды, акционерлердің жалпы жиналыстарының шешімдері орындалуына мониторинг жүргізу;

2) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін құру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актінің талаптарына сәйкес Банк Басқармасы қызметін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;

3) ішкі бақылау жүйесін енгізуді қамтамасыз ету;

4) Банк Басқармасы мүшелерімен тұрақты кездесулер өткізу;

5) Басқарма ұсынған мәліметтерді талдау және сыни тұрғыдан бағалау жүргізу;

6) Басқарма мүшелерінің банк стратегиясында анықталған ұзақ мерзімді мақсаттарға сай келетін және қаржылық тұрақтылыққа бағытталған нәтижелілігінің және еңбекақы төлеу жүйесінің қажетті стандарттарын белгілеу;

7) басқарушылық ақпаратты және Банк Басқармасы қызметінің нәтижелері туралы есебін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін құру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актінің талаптарына сай тоқсан сайын қарау және талдау арқылы бақылау жүргізеді.

Директор кеңесі жыл сайын Банктің ағымдағы қаржылық жылға жоспарланған мақсаттарға жету бойынша Банк Басқармасы қызметіне, Банктің басшы қызметкерлерінің функционалдық міндеттері бойынша есептерге талдау жүргізеді.

Банк қызметінің нәтижелері ағымдағы жылдың мақсатты көрсеткіштеріне сәйкес болмаған жағдайда, Директорлар кеңесі Банк Басқармасы мүшелеріне өз өкілеттіктері шеңберінде тиісті шаралар қолдана алады.

*60-тармақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жаңа редакцияда берілді (2020 ж. мамырдағы № 43 хаттама).*

60. Директорлар кеңесі Банкте таңдалған бизнес-үлгіге, қызметтің ауқымына, операциялардың түрлері мен күрделілігіне сәйкес келетін, басқарушылық ақпарат жүйесінің және тәуекелдерді басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етеді және де Банк қызметіне тән елеулі тәуекелдерді өтеу үшін қажетті Банктің меншікті капиталының және өтімділігінің шамасын анықтау мақсатында Банктің айтарлықтай тәуекелдерін анықтаудың, өлшеудің және бағалауды, мониторинг жүргізудің, бақылаудың барынша азайту рәсімдерінің тиісті процесін қамтамасыз етеді.

Тәуекелдерді басқару жүйесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін құру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актінің талаптарында белгіленген компоненттердің жиынтығы болып табылады, ол Банктің тәуекелдерін уақытында анықтау, өлшеу, бақылау және мониторинг жүргізу, сондай-ақ оның қаржылық орнықтылығы мен тұрақты әрекет етуін қамтамасыз ету үшін оларды барынша азайту мақсатында Банк әзірлеген және реттейтін ішкі рәсімдердің, процестердің, саясаттардың, Банктің құрылымдық бөлімшелерінің өзара әрекеттесу тетігін қамтамасыз етеді.

Банк Басқармасы Директорлар кеңесіне қаржылық және басқарушылық есептілікті ұсынады, олардың негізінде Директорлар кеңесі өткен жыл үшін Банктің қаржылық көрсеткіштерін талдайды.

Сондай-ақ Банктің қызметіне ішкі бақылау жүргізуді және тәуекелдерді басқаруды жақсарту мақсатында Банк Басқармасы Директорлар кеңесіне Банктің сыртқы аудиторларының қорыныдысын ұсынады. Бұл қорытынды Банктің сыртқы аудитори тиісті есепті Банк Басқармасына ұсынғаннан кейін Директорлар кеңесіне ұсынылады.

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін толық, шынайы, өзекті ақпаратты жинау және талдау мақсатында ақпараттық технологиялар инфрақұрылымының дамушылығын, сондай-ақ ақпараттық технологиялар инфрақұрылымының тәуекел-тәбетін анықтау бойынша шектеулердің болуы туралы хабардар болуды қамтамасыз етеді.

## **12. Директорлар кеңесінің комитеттері**

*61-тармаққа акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (2012 жылғы 19 сәуірдегі №30, 2017 жылғы 21 сәуірдегі №39, 2020 жылғы 22 мамырдағы №43 хаттама).*

61. Аса маңызды мәселелерді қарастыру және Директорлар кеңесіне ұсынымдарды дайындау үшін Банкте Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы тиіс, олардың функцияларына стратегиялық жоспарлау, тәуекелдерді басқару, кадрлар мен сыйақылар, ішкі аудит мәселелерін, әлеуметтік және басқа да мәселелерді қарастыру кіреді.

Директорлар кеңесінің жеке комитеті қарайтын ішкі аудит мәселелерін есепке алмағанда, осы тармақтың бірінші бөлігінде берілген мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

61-1. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімдері бар сарапшылардан тұрады.

Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесі комитеттерінің жетекшілері (төрағалары) болып табылады. Банк Басқармасының Төрағасы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

61-2. Директорлар кеңесі комитеттерін құру және жұмыс тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін комитет туралы ережемен белгіленеді.

## **13. Директорлар кеңесінің Төрағасының және мүшелерінің жауапкершілігі**

*62-тармақ акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен толықтырылды (2011 жылғы 21 сәуірдегі №29 хаттама).*

62. Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелері осы Ережемен, Банктің Жарғысымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкершілік арқалайды.

Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелері олардың кінәлі әрекеттерімен және (немесе) әрекетсіздіктерімен Банкке келтірген залалы үшін Банк алдында заңнамамен қарастырылған жауапкершілікті арқалайды.